

«Аяулы ана, ару бүлдіршін» атты мерекелік сайыс.

Балабақшадағы ата- аналармен біріккен жұмыс.

Мақсаты: Балаларымызды, сұлулықты тани білуге, көре білуге үйрету, ата- анаға деген сүйіспеншілігін, аналарды құрметтей білу қасиеттерін дамыту, сыйластықты, ілтипатты байыту, жан-дүниелерін ізгілендіру.

Көрнекілік: шарлар, плакаттар, сандар, марапаттау қағаздары

Жүргізуші: - Міне,көгілдір көктем де келіп жетті. Көктем жаршысы - бәйшешектер бүр жарды. Жыл құстары да келе бастапты. Олармен бірге көктемнің алғашқы мерекесі- 8наурыз-халықаралық әйелдер күні-аналар-әжелер, қыздар мерекесі де келді! Ана-өмірдің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзатқа өмір сыйлаушы. Олай болса, аналарға арнаймыз...





Ана-біздің елде ардақты адам,
Кіші де, үлкен де оны ардақтаған.
Өзінің аяулысы - Отанды да,
Ана деп біздің халық текке айтпаған.

Көктемнің шуақты күндеріндей, сан алуан гүлдеріндей құлпырып жайнап жүре
беріңіздер деп «**Аяулы ана, ару бүлдіршін**» атты мерекелік сайысты бастауға
рұқсат етіңіздер.

БИ, «Зәм-зәм» тобы

Жүргізуші:

Аналар бар өнерін салары анық,
Өнегелі тәлімді алған қанып.
Ал ендеше таныстырырып өтейін мен,
Бөлімдерін сайыстың бөліп жарып.

Сайыс бағдарламасы алты бөлімнен тұрады:

1. «Сәлем- сөздің анасы» (таныстыру)
2. «Өнер» сайысы. Анасы қызымен бірге, болмаса жеке дара.(көркем сөз
оқу, би, өлең т.б.) Өз шеберліктерін көрсету.
3. «Білімді мыңды жығар» (сұрақ-жауап)

4. «Өнерлі өрге жүзер» (Анасы мен қызы үйден бірге жасаған жұмыстарын ортаға шығарып, таныстыру қажет.)

5. «Қыздарға әсемдік жарасады, сән үлгісі 2024»

6. «Мақал-мәтелді» жалғастыру

Ән: «Ән айтамын анама» хор.



Ал бастайық:

1.кезен «Сәлем- сөздің анасы» Таныстыру

2.кезен «Өнер» сайысы. Анасы қызымен бірге, болмаса жеке дара.
(көркем сөз оқу, би, өлең т.б.) Өз шеберліктерін көрсету.

3.кезен «Білімді мыңды жығар» (сұрақ-жауап)

«Салт-дәстүрге байланысты алдындағы тұрған сұрақтарға жауап беру:
үстел үстіндегі тұрған карточканы тандап сұрақтарға
жауап беру:

1. Қазақта қандай баланы «Қолы ашық, жомарт» жомарт деп топшылаған? – дұрыс жауабы – Омырауға жабыспай емген баланы.

2. «Қазақта дастархан аттады деп кімдерді айтады»

дұрыс жауабы: Шақырғанда келмеген, дәм татпай кеткен адамды айтады.

3. «Қазақ дәстүрі бойынша дастархан жаюдың екі түрі бар екен».

Дұрыс жауабы: 1.Арнайы мәртебелі қонаққа байланысты жайылады.

2.Ұйге келген жолды-жора, ағайын туысқа қосымша көрші қоланды дәм тат деп, дастархан жайылады.

4. «Қазақта қол кесер деген ұғым бар» мағынасы неде

Дұрыс жауабы: Мал союға көмектескен көрші-қолан, ағайын туысқа берілетін кәде.

5. Ұш жүз атауы

Жауабы. 1.Ұлы жүз, 2.орта жүз, 3.кіші жүз.

6. Қазақта үш қуаныш деген ұғым бар»

Жауабы: 1.Алғыс алу, 2.Өзінді көптің іздеуі. 3. Жақсы ісіннің өшпеуі.

7. «Қазақтар қанша зұлмат болса да, ешқашан үш затты (Шанырақты, бесік, қазанды) жау қолына тастамаған себебі қандай.

1. Шаңырақ қалса, - ата баба қасиетінен айырылады.

2. Бесік қалса ұрпақ жойылады.

3. Қазан қалса – байлық кетеді.



8. Қазақта 10 түрлі табақтар атауы

Жауабы: 1. Бас табақ. 2. Сый табақ. 3. Келін табақ.

4. Күйеу табақ. 5. Қыз табақ. 6. Қос табақ. 7. Сыбаға табақ.

8. Өшақ табақ. 9. Ерулік табақ 10. Сарқыт табақ

4.«Өнерлі өрге жүзер» (Анасы мен қызы үйден бірге жасаған жұмыстарын ортаға шығарып, таныстыру қажет.)

5. «Қыздарға әсемдік жарасады, сән үлгісі 2024» келісі сайысқа



6. «Мақал-мәтелді» жалғастыру

«Мақал – мәтелдеге» жалғастырып жауап беру:

1. Кітап – білім бұлағы

Білім-өнер шырағы

2. Балалардың байлығы-әке мен ана.

3. Ең жақсы дос - АНА, ең күшті мемлекет – Отан



Танец, оркестр, песня

Балабақша әдіскері Салтанат Кузайфаевна Аналар, әжелер, қадірлі қонақтар, қыздар, балабақша ұжымының апайлары сіздерді Халықаралық әйел - қыздар мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге отбасылық бақыт, дендеріңізге саулық, жүздеріңізден шаттық пен қуаныш кетпесін. Бүгін сіздерге арналған «Аяулы ана, ару бүлдіршін» атты сайысымыз өз мәресіне жетті. Біздің сайысымызға қатысқан Барлық топтарға рахмет айтып ерекше «Шашу» тобының атаанасы Кокашева Гүлдана «Наз» тобының атанасына Қыдырова Әсел Ернарқызы «Илиғай» тобының атанасы Саржанова Арай Тимурқызы ерекше алғысымызды «Өнер» мектепалды тобының ата анасын Айда Тлеубергеновнаға білдіреміз.